



010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14  
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65  
www.prokuror.gov.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік Ел, 14 тел.: 8  
(7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65  
www.prokuror.gov.kz

27.03.2024№

ДС-83

29.02.2024ж.

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына  
(тізім бойынша)

### Құрметті депутаттар!

Сіздердің кәсіпкерлер А.С. Хасанғалиева, Ш.Б. Қаранеева, Н.С. Бимурзин және М.Г. Қалиевтердің жолданымдары бойынша сұрау салуларыңызға қатысты келесіні хабарлаймын.

Кәсіпкерлікті құқық қорғау органдарының негізсіз араласуынан қорғау прокуратура органдарының басым бағыты болып табылады.

Жоғарыда аталған тұлғалардың оларға қысым көрсету және рейдерлік әрекет жасау туралы жолданымдарын бұрын Бас прокуратура қарап, белгіленген тәртіппен жауап берген.

#### **А.С. Хасанғалиеваның жолданымы бойынша**

А.С. Хасанғалиеваға оған жалпы сомасы 147 миллион теңгеге жуық қаражат аударған 8 жәбірленушіге (оның ішінде кәсіпкерлер) қатысты алаяқтық жасады деп (ҚК-нің 190-бабы 4-бөлігінің 2) тармағы) айып тағылып отыр, ол жәбірленушілерден келіп түскен ақшаға түпнұсқалардың орнына жалған тауарлар сатып алды.

Оның бизнесін рейдерлік басып алғаны туралы дәлелдер расталмады.

26.12.2023ж. оған қатысты қылмыстық іс мәні бойынша қарау үшін Алматы қаласының Алмалы аудандық сотына жіберілді.

Хасанғалиеваның әрекетіне сот құқықтық баға береді.

#### **Ш.Б. Қаранееваның жолданымы бойынша**

Ш.Б. Қаранееваның арызының мәні «Capital Bank Kazakhstan» АҚ, «ЗАҢГЕР» коллекторлық агенттігі ЖШС және «Baidala V» ЖШС-ның (Қ.Сатыбалдыұлы) «Double Tree by Hilton Алматы» қонақ үй кешенін заңсыз иеліктен шығару туралы әрекеттері болды.

Тергеу тараптар арасында азаматтық-құқықтық қатынастардың туындағанын анықтады, сондықтан 22.07.2023ж. сотқа дейінгі іс жүргізу тоқтатылды.

Ш.Б. Қаранеева 2021 жылдан бері кредитті өтей алмаған, салдарынан банк қонақүйді коллекторлық агенттікке өткізіп, кейін Қ.Сатыбалдыұлының компаниясына 5,1 миллиард теңгеге сатқан.

Кейіннен осы мүлікті сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет қылмыстық іс шеңберінде мемлекет кірісіне айналдырды.

Ден қою шараларын қабылдауға негіз жоқ.

**Н.С. Бимурзин мен М.Г. Қалиевтің Ә.Н. Назарбаеваға және басқаларға қатысты жолданымдары бойынша**

Аталған адамдардың арыздары 04.03.2024ж. Бас прокуратураның Ақпаратты есепке алу кітабында тіркеліп, қазіргі таңда Алматы қ. Полиция департаментіне жіберілді.

Қылмыстық қудалау органы процеске қатысушыларды қабылданған процесік шешім туралы хабардар етеді.

**Б. Асыллов**

**Парламент Мәжілісі депутаттарының тізімі**

Бапи Е.

Иса Қ.Ж.

Танашева Ғ.Ш.